

Табиғи монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 245 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 мамырда № 11019 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 47 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.06.2020 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру";

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру";

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан астам болатын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына келісім беру";

5) алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2017 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру";

7-1) осы бұйрыққа 7-1-қосымшаға сәйкес "Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару;

7-2) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2019 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2017 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2018 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.05.2019 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 10 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
1-қосымша

"Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
2-қосымша

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а . 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2016 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қоғау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап (өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді), сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

лицензияны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – лицензия, қайта ресімдеу, энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне арналған лицензияның телнұсқасы не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық нысандағы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызмет берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді және басып шығарылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес:

1) лицензияны беру үшін – 10 айлық есептік көрсеткішті;

2) лицензияның телнұсқасын беру үшін – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын;

3) лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысандарда жүзеге асырылады.

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметін жүзеге асыруға лицензия алуға, қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын беруге арналған электрондық сұрау салу портал арқылы берілген жағдайда, ақы төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден – 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден – 18.30-ға дейін.

2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9-00–ден 20-00-ге дейін;

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

3) порталда – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі: өкілеттіктерді растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариус растаған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) лицензияны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат (көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілі үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер нысаны;

кемінде 10000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айналым қаражатының болуы туралы банктен анықтама;

өтініш беруші мен энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың арасында электр энергиясын, оның ішінде авариялар болған жағдайларда резервтен орнын толтыру шартымен өңірден тыс жерлерге жеткізуге және беруге және (немесе) таратуға арналған шарт немесе ниеттер хаттамасы;

жалдау, қосымша жалдау шартының негізінде тұтынушылармен жұмыс және абоненттік қызметтерді орналастыру үшін ғимараттың немесе үй-жайдың болуы туралы құқық белгілейтін құжат;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандағы өтініш;

қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат, ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелері;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін, егер олар қағаз нысанында берілген болса:

лицензия жоғалған, бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының оларды электрондық форматқа ауыстыру мүмкіндігі бар:

өтініш;

қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат, ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, порталға:

1) лицензияны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәліметтер не төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер нысаны;

кемінде 10 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айналым қаражатының болуы туралы банктен анықтаманың электрондық көшірмесі;

өтініш беруші мен энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың арасында электр энергиясын, оның ішінде авариялар болған жағдайларда резервтен орнын толтыру шартымен өңірден тыс жерлерге жеткізуге және беруге және (немесе) таратуға арналған шарттың немесе ниеттер хаттамасының электрондық көшірмесі;

жалдау, қосымша жалдау шартының негізінде тұтынушылармен жұмыс және абоненттік қызметтерді орналастыру үшін ғимараттың немесе үй-жайдың болуы туралы құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәліметтер не төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын егер олар қағаз нысанында берілген болса алу үшін,:

лицензия жоғалған, бүлінген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының оларды электрондық форматқа ауыстыру мүмкіндігі бар;

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәліметтер не төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмесі.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат туралы, көрсетілетін қызмет алушының алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Құжаттарды қабылдаған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушы (не нотариус растаған сенімхат бойынша оның өкілі) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

10. Мыналар:

1) жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы;

2) лицензиялық алымның төленбеуі;

- 3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;
- 4) тиісті келісуші мемлекеттік органнан көрсетілетін қызмет алушының лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі туралы жауабы;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушы борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Мемлекеттік корпорация жұмыскері құжаттарды қабылдаудан бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат беріледі.

3. Орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияларының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8-үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 4-кіреберіс, телефоны: 8 (7172) 74-94-52, 74-96-38, факсі: 8 (7172) 74-94-60 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша тікелей Мемлекеттік корпорацияның басшысына Мемлекеттік корпорацияның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша өтініш беру арқылы жіберіледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі, өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Электрондық өтінішті портал арқылы жіберген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жанартатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің және Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациялары арқылы көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Тіршілік әрекетінің шектелуіне әкеліп соқтыратын ағза функциясының тұрақты бұзушылығы бар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттар қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне барумен Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – www.economy.gov.kz;

2) Мемлекеттік корпорацияның – www.con.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда ЭЦҚ-ның болуы талап етіледі.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері қашықтықтан қол жеткізу режимінде, мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лерінің) толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны және

(немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)

беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда).

Басшы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____

(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, елі,

облысы, қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы,
үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта _____

— Телефондары _____

— Факс _____

— Банк шоты _____

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20 ____ жылғы " __ " _____

"Энергиямен жабдықтау
мақсатында электр энергиясын
сатып алу қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметі түрін

жүзеге асыруға лицензия алуға арналған мәліметтер нысаны

Тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін қызметті - абоненттік қызметтерді,

учаскелерді құруы туралы бұйрықтың болуы туралы ақпарат:

- 1) қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі _____
_____;
- 2) бұйрыққа қол қойылған күн _____
_____;
- 3) жауапты адамның Т.А.Ә. _____
_____.

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды

тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ жүзеге

асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына бъектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою керек) қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе

өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта _____

— Телефондары _____

— Факс _____

— Банк шоты _____

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

— (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

_____ жүзеге асыруға

20 ____ жылғы " " _____ № _____, _____

берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын) қағаз тасығышта ____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы,

қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы,

үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар

нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

—

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының

Т.А.Ә. немесе ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының № _____ бөлімі (мекенжайды көрсету) мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсету) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) _____;

2) _____;

3)

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорация қызметкері) (қолы)

Орындаушының Т.А.Ә.

Тел. _____

Алдым Т.А.Ә./көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
3-қосымша

"Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.11.2018 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді және құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өтініштер мен құжаттарды қабылдау күнінен кейінгі күнтізбелік күннен басталады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10 – тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық нысандағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00–ден 20.00–ге дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен мемлекеттік қызметті алушының тіркелген орны бойынша көрсетіледі, көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша электрондық кезекті портал арқылы "брондауға" болады;

2) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

3) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00–ден – 14.30–ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00–ден – 18.30–ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның уәкілетті өкілі: өкілеттіктерді растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариат растаған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажет құжаттар тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1–қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхат;

2) көрсетілетін қызметті алушының басшысы және бас бухгалтері қол қойған, бухгалтерлік баланстан үзінді көшірме – растауды қамтитын құжат (үзінді көшірме объектілер бойынша бөліністе иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, үлгісін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын қамтиды);

3) мәміле жасалған жағдайда оның салдары туралы құзыретті органның өтінішхат берілген күнгі жағдай бойынша алты айдан кешіктірілмей берілген қорытындысы.

Порталға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1–қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхат;

2) көрсетілетін қызметті алушының басшысы және бас бухгалтері қол қойған бухгалтерлік баланстан үзінді көшірме – растауды қамтитын құжат (үзінді көшірме объектілер бойынша бөліністе иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, үлгісін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын қамтиды);

3) мәміле жасалған жағдайда оның салдары туралы құзыретті органның өтінішхат берілген күнгі жағдай бойынша алты айдан кешіктірілмей берілген қорытындысы.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық

жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Портал арқылы өтінім берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, өтінішті қабылдау мәртебесі көрсетіледі.

Құжаттар Мемлекеттік корпорация арқылы қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жолдайды.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданып, сақталады.

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9–тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын

толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2–қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14–тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда "электрондық үкімет" веб – порталы арқылы поштамен не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі, өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14–тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не портал арқылы Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, пошта арқылы келіп түскен шағымды қабылдауды растау оны тіркеу болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жібереді не қолма-қол береді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымданады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Организм функцияларының тұрақтылығы бұзылған, толық және ішінара қабілетінен немесе өзіне–өзі қызмет көрсету, өздігінен жүруді жүзеге асыру, бағдарлау мүмкіндігінен айырылған қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау бірыңғай байланыс – орталығы 1414, 8-800-080-7777 арқылы жүгініп, тұрғылықты жеріне шығумен Мемлекеттік корпорация қызметкерлері жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Көрсетілетін қызметті берушінің – www.economy.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz интернет–ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Бірыңғай байланыс – орталығы 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Көрсетілетін қызмет берушінің www.economy.gov.kz интернет–ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" деген бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс – орталығы 1414, 8-800-080-7777.

"Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1–қосымша
Нысан

_____ (мемлекеттік органның толық атауы)

_____ (өтініш берушінің толық атауы)

мекенжай _____

—
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон)

Өтініш берушінің деректемелері _____

_____ (Бизнес – сәйкестендіру нөмірі,
Жеке сәйкестендіру нөмір)

_____ (мәміле нысаны)

алуға көрсетілетін қызметті берушінің келісімін алу туралы өтінішхат

1. Негіздеме:

Себептер	Мақсаттар	Міндеттер	Экономикалық орындылық есебі

(экономикалық орындылық есебін көрсете отырып, мәміле жасаудың себептері, мақсаттары және міндеттері)

2. Мәміленің нысаны болып табылатын мүлік туралы ақпарат

3. Көрсетілетін қызметті алушының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифін арттыруға әкелмейтін және оның қаржы-шаруашылық қызметін нашарлатуға әкелмейтін мәміле жасауды растайтын мәліметтер

Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Мәміле ескерілген тарифтік смета жобасы	Ауытқу	
				мың теңге	%

4. Мүлікті бағалау туралы мәліметтер

Мүлікке бағалау жүргізген бағалау ұйымының атауы	Мүлікті бағалауға арналған мемлекеттік лицензия туралы мәлімет (нөмірі және берілген күні)	Көрсетілетін қызметті алушының мүлкін бағалау туралы есеп құрылған күн және нөмірі	Көрсетілетін қызметті алушы мүлкінің (объектінің) атауы	Көрсетілетін қызметті алушы мүлкінің (объектінің) қалдық құны	Көрсетілетін қызметті алушы мүлкінің (объектінің) нарықтық құны	Мүлікке бағалау жүргізген бағалау ұйымының қорытындысы

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісім беремін.

20 ____ ж " ____ " _____ (қолы).

"Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

(өтініш берушінің толық атауы)

— (көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № __ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы: _____

— Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Орындаушы: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері) (қолы)

Алдым: _____

— Тегі, аты, әкесінің аты (көрсетілетін қызметті алушының қызметкері) (қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
4-қосымша

"Ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан астам болатын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан астам болатын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы немесе www.elicence.kz "Е-лицензиялау" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан астам болатын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына келісім беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-1-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық нысандағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті ұсынушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді және басып шығарылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2016 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден – 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден – 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден – 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден – 17.30-ға дейін.

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (уәкілетті өкілі: өкілеттіктерді растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариус растаған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхатты;

осы мәміле туралы шарттың және (немесе) шешімнің (бұйрықтың) жобасын; тиісті таратып жазумен жалдау ақысын есептеу негіздемесін қамтитын құжатты;

көрсетілетін қызметті алушы жалдайтын мүліктің тізбесін;

көрсетілетін қызметті алушының қызметтеріне тариф (баға, алым мөлшерлемесі) деңгейіне әсер ету туралы және осы мәміле оның қаржы-шаруашылық қызметін нашарлатуға алып келмейтінін растайтын есеп айырысуды ұсынады.

Өтінішхатты қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхаттың электрондық көшірмесін;

осы мәміле туралы шарт және (немесе) шешім (бұйрық) жобасының электрондық көшірмесін;

тиісті таратып жазумен жалдау ақысын есептеу негіздемесін қамтитын құжаттың электрондық көшірмесін;

көрсетілетін қызметті алушы жалдайтын мүліктің тізбесін қамтитын құжаттың электрондық көшірмесін;

көрсетілетін қызметті алушының қызметтеріне тариф (баға, алым мөлшерлемесі) деңгейіне әсер ету туралы және осы мәміле оның

қаржы-шаруашылық қызметін нашарлатуға алып келмейтіндігін растайтын есеп айырысудың электрондық көшірмесін ұсынады.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

9-1. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2016 № 299 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8-үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 4-кіреберіс, телефоны: 8 (7172) 74-94-52, 74-96-38, факсі: 8 (7172) 74-94-60 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі, өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің мәртебесі жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

14. Анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті ұсынушының www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланса сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан астам болатын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Нысан

(мемлекеттік органның толық атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)

мекенжай _____

(индекс, қала, аудан, облыс,

көше, үйдің №, телефон)

Өтініш берушінің деректемелері _____

(БИН, ЖСН)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(мәліме нысаны)

-алуға, көрсетілетін қызметті берушінің келісімін алу туралы

өтінішхат

1. Негіздеме:

Себептер	Мақсаттар	Міндеттер	Экономикалық орындылық есебі	Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жалға алу қажеттілігінің негіздемесі

(экономикалық орындылық есебін көрсете отырып мәміле жасаудың себептері, мақсаттары және міндеттері)

2. Мәміленің мәні болып табылатын мүлік туралы ақпарат

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін 20 ____ ж

" ____ " _____ (қолы).

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
5-қосымша

"Табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдарына қайта бағалау жүргізуді келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2016 № 38 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы

"Табиғи монополия субъектісіне өзге де қызметті жүзеге асыруға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2017 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
7-қосымша

"Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.11.2018 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді және құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ уақыты - 15 минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өтініштер мен құжаттарды қабылдау күнінен кейінгі күнтізбелік күннен басталады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10–тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы электрондық нысандағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00–ден 20.00–ге дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен мемлекеттік қызметті алушының тіркелген орны бойынша көрсетіледі, көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша электрондық кезекті портал арқылы "брондауға" болады;

2) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

3) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00–ден – 14.30–ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00–ден – 18.30–ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның уәкілетті өкілі: өкілеттіктерді растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариат растаған сенімхат бойынша

жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажет құжаттар тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

- 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1–қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхат;
- 2) беру актісінің немесе бөлу баланысының көшірмесі.

Порталға:

- 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1–қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішхат;
- 2) беру актісінің немесе бөлу баланысының көшірмесі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Портал арқылы өтінім берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, өтінішті қабылдау мәртебесі көрсетіледі.

Құжаттар Мемлекеттік корпорация арқылы қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жолдайды.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданып, сақталады.

10. Мыналар:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің

және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9–тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2–қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14–тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда "электрондық үкімет" веб – порталы арқылы поштамен не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі, өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап

көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14–тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не портал арқылы Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, пошта арқылы келіп түскен шағымды қабылдауды растау оны тіркеу болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауапты Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жібереді не қолма-қол береді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымданады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Организм функцияларының тұрақтылығы бұзылған, толық және ішінара қабілетінен немесе өзіне–өзі қызмет көрсету, өздігінен жүруді жүзеге асыру, бағдарлау мүмкіндігінен айырылған қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау бірыңғай байланыс – орталығы 1414, 8-800-080-7777 арқылы жүгініп, тұрғылықты жеріне шығумен Мемлекеттік корпорация қызметкерлері жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Көрсетілетін қызметті берушінің – www.economy.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz интернет–ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Бірыңғай байланыс – орталығы 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Көрсетілетін қызмет берушінің www.economy.gov.kz интернет–ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" деген бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс – орталығы 1414, 8-800-080-7777.

Табиғи монополиялар
субъектілерін қайта
ұйымдастыруға және таратуға
келісім беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 1 – қосымша
Нысан

(мемлекеттік органның толық
атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)
мекенжай

(индекс, қала, аудан, облыс,
көше, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің деректемелері

(Бизнес – сәйкестендіру нөмірі,
Жеке сәйкестендіру нөмір)

(көрсетілетін қызметтің атауы)

алуға көрсетілетін қызметті берушінің келісімін алу туралы өтінішхат

Көрсетілетін қызметті алушыны қайта ұйымдастыру (тарату) қажеттілігінің негіздемесі

— Жаңадан пайда болатын заңды тұлғалардың әрқайсысының орналасқан орны туралы мәліметтер (қайта ұйымдастыру) _____

— Көрсетілетін қызметті алушылардың, басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы мәліметтер _____

— Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.
20 ____ ж " ____ " _____ (қолы).

"Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2 – қосымша
Нысан

(өтініш берушінің толық атауы)

— (көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2–тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № __ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы: _____

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Орындаушы: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері) (қолы)

Алдым: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (көрсетілетін қызметті алушының қызметкері) (қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
7-1-қосымша

"Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Бұйрық 7-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2017 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2019 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті, аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) табиғи монополиялар субъектілері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) үшін көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб–порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

көрсетілетін қызметті алушы Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу бөлігінде мемлекеттік қызмет порталына жүгінген сәттен бастап – 30 минут;

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару бөлігінде мемлекеттік қызмет порталына жүгінген сәттен бастап – 2 жұмыс күні;

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу немесе одан шығару туралы куәлік не электрондық нысанда осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – "Мерекелер туралы" Заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден бастап сағат 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден бастап сағат 14.30-ға дейін.

2) порталдың – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда (Еңбек кодексіне және "Мерекелер туралы" Заңға сәйкес қызмет алушы демалыс және мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде, мемлекеттік қызмет көрсету өтінішін қабылдау және нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізу үшін:

бірінші басшы қол қойған, осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы өтініш;

Бұл ретте, электр энергиясын беру жөніндегі реттелетін қызметтер көрсететін қызмет алушылар, олардың электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 6-тармағының

талаптарына сәйкес келуі туралы қорытындысының нөмірі мен беру күнін көрсетеді.

2) табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінен шығару үшін: көрсетілетін қызметті алушы табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруды тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бірінші басшы қол қойған, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару туралы өтінішті мынадай құжаттарды:

реттеліп көрсетілетін қызметті "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 32) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін Реттеліп көрсетілетін қызметтер тізбесінен алып тастауды;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруды тоқтатуына әкеп соқтырған табиғи монополия субъектісін қайта ұйымдастыруды;

табиғи монополия субъектісін таратуды;

табиғи монополия субъектісінің банкроттығы туралы сот шешімін;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын негізгі құралдарды табиғи монополия субъектісінің балансынан басқа субъектінің балансына беру туралы шешімді, оның ішінде осындай негізгі құралдарды сенімгерлік басқаруға беруді;

сот шешіміне сәйкес табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын алып қою туралы шешімді;

табиғи монополия субъектісінің балансындағы мүлікті, табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті инженерлік желілер мен құрылыстарды иеліктен шығару туралы шешімді;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын негізгі құралдарды жалға алу шартының, сенімгерлік басқару шартының тоқтатылуын растайтын;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті оның жүзеге асыруын тоқтатқаны туралы куәландыратын өзге де негіздерді қоса бере отырып, ұсынады

.

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің

және мәліметтердің Заңда, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі, өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті алушылар бірыңғай байланыс орталығының 1414, 88000807777 телефондары бойынша алады.

Көрсетілетін қызметті берушілердің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) портал арқылы "жеке кабинетінен" шағымды жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып тұрады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгілен тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналасқан.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алады.

15. Анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында "Комитеттер" бөлімінде орналасқан, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 88000807777.

"Табиғи монополиялар
субъектілерін Мемлекеттік
тіркелімге енгізу және
одан шығару" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтер
стандартына
1-қосымша
Нысан

(уәкілетті органның атауы)

(дара кәсіпкердің тегі, аты,
әкесінің аты (болған жағдайда)
немесе заңды тұлғаның атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі/
жеке сәйкестендіру нөмірі)

(заңды мекенжайы, байланыс
телефондары)

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы өтініш

(дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы)
кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына лицензияның № _____

(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі (электр

энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсеткен кезде "Электр энергетикасы

туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы

6-тармағының талаптарына сәйкес болуы туралы электр энергетикасы саласында

басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган қорытындысын № _____ мен беру

күнін көрсету қажет)

(заңды мекенжайы)

(табиғи монополиялар саласындағы қызметтер көрсету аумағы)

(Мемлекеттік тіркелімнің республикалық немесе жергілікті бөлімінің атауы)

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізуді сұраймын.

реттеліп көрсетілетін қызметтер өндірісінде қолданылатын активтер (баланста немесе жалға алуда немесе сенімгерлік басқаруда)

20 ____ жылғы " ____ " _____

"Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына
2-қосымша
Нысан

(уәкілетті органның немесе аумақтық органның атауы)

(дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі)

(заңды мекенжайы, байланыс телефондары)

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару туралы өтініш

(табиғи монополия субъектісінің атауы)

(табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер түрі)

(заңды мекенжайы)

(табиғи монополиялар саласындағы қызметтер көрсету аумағы)

(Мемлекеттік тіркелімнің республикалық немесе жергілікті бөлімінің атауы)
Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығаруды сұраймын.

Заңмен қорғалатын құпияларды қамтитын мәліметтерді қолдануға келісемін.

20 ____ жылғы " ____ " ____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
7-2-қосымша

Ескерту. Бұйрық 7-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.04.2018 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2019 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
8-қосымша

"Табиғи монополия субъектісінің акциялар (қатысу үлестерін) сатып алуына, сондай-ақ оған рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға өзге де нысандармен қатысуына келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.07.2017 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 245 бұйрығына
9-қосымша

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.03.2017 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК